

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУДЫҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 2 ақпан N 128. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001.01.09. N 18 қаулысымен.~P010018

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Жер қойнауын пайдаланушыларды аттестаттаудың тәртібі туралы қоса
беріліп отырған Ереже мен жер қойнауын пайдалануға арналған Аттестат
н ы с а н ы б е к і т і л с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 2 ақпандағы
N 128 қаулысымен
Бекітілген

Жер қойнауын пайдаланушыларды аттестаттаудың
тәртібі туралы
Ереже

1. Жер қойнауын пайдаланушыларды аттестаттаудың тәртібі туралы осы
Ереже Қазақстан Республикасының жер қойнауы және минералдық шикізатты
өңдеу Кодексіне сәйкес әзірленді әрі жер қойнауын пайдаланушыларды
аттестаттаудың тәртібін айқындайды.

2. Меншіктің барлық нысандарындағы жер қойнауын пайдаланушы
кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, азаматтар, қызмет нысандарының бірі
жер қойнауын пайдалану болып табылатын шетелдің қатысуындағы
кәсіпорындар, сондай-ақ жер қойнауын контракт немесе концессия шартымен
пайдаланатын шетелдің заңды және жеке тұлғалары аттестаттауға жатады.

3. Аттестаттау, жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыстарды жүргізу
жөніндегі, жер қойнауын геологиялық зерттеу, минералдық шикізатты өндіру
мен өңдеу немесе жер қойнауын өзге де мақсаттарға пайдалану жөніндегі
техникалық, біліктілік және қаржы-экономикалық мүмкіндіктерінің Қазақстан
Республикасының жер қойнауы және минералдық шикізатты өңдеу Кодексі мен

басқа да заңдарының талаптарына олардың сәйкестігін орнықтыру мақсатында жүргізіледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушыларды аттестаттауды:

- геологиялық зерттеулер, геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық, маркшейдерлік, байқап көру-талдау жұмыстары үшін - Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің аттестаттау комиссиясы;

- пайдалы қазбаларды өндіру, минералдық шикізатты өңдеу және өзге мақсаттар үшін - Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің аттестаттау комиссиялары жүргізеді.

- кең таралған пайдалы қазбаларды өндірістік мақсатта өндіру үшін - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің аттестаттау комиссиясы жүргізеді.

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1994 ж. 19 мамыр
N 538 қаулысымен.

5. Аттестаттау жер қойнауын пайдаланудың:

геологиялық зерттеу;

пайдалы қазбаларды өндіру;

пайдалы қазбаларды өндіруге байланысы жоқ жер асты құрылғыларын салу мен пайдалану, соның ішінде мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтауға арналған құрылғылар, өндірістің зиянды заттары мен қалдықтарын, сарқынды суларды көму; өзге де мұқтаждық түрлері бойынша жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдаланудың әрбір түріне тиісті мазмұндағы аттестат беріледі.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды өндіру, минералдық шикізатты өңдеу, өзге де мақсаттарға пайдалану үшін берілген аттестаттарды тіркеуді Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүргізеді.

6. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауға табыс етілген құжаттарды олардың түсуіне қарай қажет болған жағдайда аттестаттаудан өтетін жер қойнауын пайдаланушылардың өкілін қатыстыра отырып қарайды.

7. Жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыстың жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі мүмкіндіктерін бағалау үшін комиссия қажет болған жағдайда сарапшылар шақырады.

8. Геологиялық зерттеу үшін жер қойнауын пайдаланушыларды аттестаттау геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстың түрлері немесе жиынтығы бойынша, минералдық шикізатты өндіру мен өңдеу және өзге мақсаттар бойынша жүргізіледі.

Аттестаттау үшін Қазақстан Республикасының министрліктері мен

ведомстволарының аттестаттау комиссияларына мынадай құжаттар тапсырылады :

аттестаттауға өтінім;
кәсіпорынның жарғысы немесе ережесі;
құрылтайшылық шарты (жеке және акционерлік кәсіпорындар үшін);
кәсіпорын жарғысының жергілікті өкімет органдарында тіркелгені туралы
к у ә л і к ;
техникалық жағынан қамтамасыз етілгені туралы мәліметтер;
басшылар және негізгі орындаушылар туралы мәліметтер;
лабораториялық талдау негізі туралы мәліметтер.

Шет елдік заңды және жеке тұлғалар жоғарыда аталған құжаттардан бөлек жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған контрактілердің немесе концессиялардың көшірмесін тапсырады.

9. Осы ереже күшіне енгізілгенге дейін жер қойнауын геологиялық зерттеумен, минералдық шикізатты өндірумен және өңдеумен айналысқан жер қойнауын пайдаланушылар, ол бекітілгеннен кейін үш ай ішінде өздерінің жер қойнауын пайдалануға құқын растауы қажет. Бұл үшін олар Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының аттестаттау комиссияларына осы Ереженің 8 тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етеді .

10. Аттестаттың жарамдылық мерзімі аттестаттау комиссиясының шешімімен белгіленеді .

11. Аттестаттың күші :
аты немесе меншік нысаны өзгерген кәсіпорын, не болмаса өзге де шаруашылық қызмет субъектісі таратылған немесе қайта құрылған кезде;
кәсіпорын аттестатта көзделген жұмыстарды жүргізуден бас тартқан жағдайда ;
мемлекеттік бақылау органдары белгіленген Қазақстан

Республикасының жер қойнауы және минералдық шикізатты өңдеу Кодексі мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі өзге де заң актілері бұзылғанда;

аттестатты алған сәттен бастап бір жылдан астам мерзімде жұмыстардың тіркелген жобасы болмағанда;

аттестатты алған сәттен бастап бір жылдан астам мерзімде жұмыстардың басталу мерзімін өткізіп алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

12. Аттестаттың күшін мерзімінен бұрын тоқтату туралы:
пайдаланушы жерді пайдалануға шарт жасасқан жергілікті өкімет

органдарына;

жоба тіркелген органдарға хабарланады.

Аттестат оны берген министрліктегі және ведомстводағы аттестаттау комиссиясына қайтарылады.

13. Кәсіпорын аттестаттың күші тоқтатылғаны туралы шешіммен келіспеген жағдайда ол шешімге белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

14. Аттестат жұмыс түріне қарай жер қойнауын пайдаланушылардың құқын айқындайды және оны басқа кәсіпорындарға, соның ішінде еншілестеріне де беруге болмайды.

15. Аттестат халық депутаттарының жергілікті Кеңестерімен келісе отырып оған геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды өндіру үшін бөлініп берілген жерді пайдалану құқын куәландырады.

16. Аттестаттауға байланысты шығындарды аттестаттау жүргізілген ұйым төлейді.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 2 ақпандағы
N 128 қаулысымен
Бекітілген

Жер қойнауын пайдалануға арналған
Аттестат

Қазақстан Республикасы _____
министрліктің,

_____ аттестаттау комиссиясының

ведомствоның аты

199__ жылғы "___" _____ N _____ хаттамасының шешімімен

_____ кәсіпорынның, ұйымның аты, орналасқан жері
жер қойнауын _____

жер қойнауын пайдаланудың жұмыс түрлері

_____ пайдалану құқы берілді.

Тіркеу N
Аттестаттау комиссиясының
төрағасы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК